

## Қазақстан Республикасының кейбір заң актілеріне өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы

Қазақстан Республикасының Заңы 1998 жылғы 29 маусымдағы N 236

Қазақстан Республикасының мына заң актілеріне өзгерістер мен толықтырулар енгізілсін:

1. Қазақ КСР Жоғарғы Кеңесі 1984 жылғы 22 наурызда қабылдаған Қазақ КСР-інің Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодексіне (Қазақ КСР Жоғарғы Кеңесінің Жаршысы, 1984 ж., N 14 (қосымша); N 41, 534-құжат; 1985 ж., N 19, 190, 191-құжаттар; N 32 325-құжат; N 45, 457-құжат; N 49, 513-құжат; 1986 ж., N 13, 122-құжат; N 25, 242-құжат; N 31, 320-құжат; N 49, 506-құжат; 1987 ж., N 2, 19-құжат; N 16, 201-құжат; N 29, 356-құжат; N 32, 421-құжат; N 41, 503-құжат; N 46, 560-құжат; 1988 ж., N 35, 324-құжат; 1989 ж., N 16, 129-құжат; N 27, 208-құжат; N 45, 364-құжат; N 49, 444-құжат; N 50-51, 458-құжат; 1990 ж., N 12-13, 114-құжат; N 44, 410-құжат; N 48, 445-құжат; N 49, 461-құжат; 1991 ж., N 25, 318-құжат; N 26, 348-құжат; N 28, 373-құжат; Қазақстан Республикасы Жоғарғы Кеңесінің Жаршысы, 1992 ж., N 4, 96, 98, 100-құжаттар; N 13-14, 323-құжат; N 15, 380-құжат; N 16, 400-құжат; 1993 ж., N 3, 42-құжат; N 4, 70-құжат; N 8, 159, 161-құжаттар; N 9, 220, 222-құжаттар; N 20, 468, 469-құжаттар; 1994 ж., N 4-5, 60-құжат; N 8, 134-құжат; N 15, 207-құжат; N 21-22, 272-құжат; 1995 ж., N 1-2, 17-құжат; N 5, 41-құжат; N 8, 55-құжат; N 9-10, 64-құжат; N 15-16, 105-құжат; N 17-18, 110-құжат; Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 1996 ж., N 1, 177-құжат; N 14, 274, 277-құжаттар; N 15, 281-құжат; 1997 ж., N 6, 66-құжат; N 11, 146, 152-құжаттар; N 12, 184-құжат; N 13-14, 208-құжат; N 22, 333-құжат).

1) 165-1-бапта:

бірінші бөлігінде:

"есеп айырысу және өзге де", "есеп айырысу және басқа", "есеп айырысу шотынан немесе басқа да", "ақша қаражаттарының", "есептелген проценттер туралы", "ең төменгі жалақы мөлшерінің" деген сөздер тиісінше "банктік", "олардың банктік", "ақша", "белгіленген сыйақы (мүдде) туралы", "айлық есептік көрсеткіш мөлшерінің" деген сөздермен ауыстырылсын;

жетінші азатжолдағы "сондай-ақ белгілі бір жеке тұлғалардың шоттарындағы операцияларды және осы шоттарда, салымдарда ақшаның бар жоғын" деген сөздер алып тасталсын.

екінші бөліктегі "ең төменгі жалақы мөлшерінің" деген сөздер "айлық есептік көрсеткіш мөлшерінің" деген сөздермен ауыстырылсын;

2) 167-1-баптың бірінші бөлігіндегі "банкілік емес қаржы мекемелеріндегі" деген

сөздер "банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымдардағы" деген сөздермен ауыстырылсын;

3) 13-тарау мынадай мазмұндағы 169-5, 169-6, 169-7, 169-8-баптармен толықтырылсын:

"169-5-бап. Ақпарат беру ережелерін бұзу және жазбаша нұсқамаларды орындамау

Банктің немесе банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымның лауазымды адамының Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкіне банк заңдарына сәйкес талап етілетін ақпаратты беруден жалтаруы, сондай-ақ шындыққа үйлеспейтін ақпарат немесе тапсырылуы банк заңдарына сәйкес талап етілетін мәліметтері жоқ ақпарат беруі, не банк заңдары бұзылған жағдайда оны жою туралы Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің жазбаша нұсқамаларын орындамауы - лауазымды адамдарға айлық есептік көрсеткіштің қырықтан жетпіске дейінгі мөлшерінде айыппұл салынуға әкеп соғады.

Осы баптың бірінші бөлігінде көзделген әкімшілік жаза қолданылғаннан кейін бір жыл ішінде қайталап жасалған іс-әрекет (немесе әрекетсіздік) -

лауазымды адамдарға айлық есептік көрсеткіштің алпыстан жүзге дейінгі мөлшерінде айыппұл салынуға әкеп соғады.

169-6-бап. Банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын банктің немесе ұйымның құқықтық қабілетінің шегінен тыс немесе банк заңдарында тыйым салынған қызметті жүзеге асыру

Банктің немесе банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымның лауазымды адамының лицензияда және банк заңдарында көзделмеген немесе банктер мен банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымдарға арналған заңдарда арнайы тыйым салынған қызметті жүзеге асыруы -

лауазымды адамдарға айлық есептік көрсеткіштің қырықтан жетпіске дейінгі мөлшерінде айыппұл салынуға әкеп соғады.

Осы баптың бірінші бөлігінде көзделген әкімшілік жаза қолданылғаннан кейін бір жыл ішінде қайталап жасалған іс-әрекет (немесе әрекетсіздік)-

лауазымды адамдарға айлық есептік көрсеткіштің алпыстан жүзге дейінгі мөлшерінде айыппұл салынуға әкеп соғады.

169-7-бап. Банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын банктерде немесе ұйымдарда

бухгалтерлік есеп пен есептілік жүргізу  
ережелерін бұзу

Банктің немесе банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымның лауазымды адамының бухгалтерлік есептің белгіленген стандарттары мен әдістерін (принциптерін) бұза отырып бухгалтерлік есеп жүргізуі не ондағы көрсеткіштердің не пруденциалдық нормативтердің және (немесе) банк заңдарында айқындалған сақталуы міндетті басқа да нормалар мен лимиттердің бұрмалануына алып келген банкілік немесе өзге де есептілікті жасауы -

лауазымды адамдарға айлық есептік көрсеткіштің қырықтан жетпіске дейінгі мөлшерінде айыппұл салынуға әкеп соғады.

Осы баптың бірінші бөлігінде көзделген әкімшілік жаза қолданылғаннан кейін бір жыл ішінде қайталап жасалған іс-әрекет (немесе әрекетсіздік), -

лауазымды адамдарға айлық есептік көрсеткіштің алпыстан жүзге дейінгі мөлшерінде айыппұл салынуға әкеп соғады.

169-8-бап. Клиенттердің банк шоттарын ашу және  
жабу ережелерін бұзу

Банктің немесе банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымның лауазымды адамының клиенттердің банк шоттарын ашу және жабу ережелерін бұзуы -

лауазымды адамдарға айлық есептік көрсеткіштің қырықтан жетпіске дейінгі мөлшерінде айыппұл салынуға әкеп соғады.

Осы баптың бірінші бөлігінде көзделген әкімшілік жаза қолданылғаннан кейін бір жыл ішінде қайталап жасалған іс-әрекет (немесе әрекетсіздік), -

лауазымды адамдарға айлық есептік көрсеткіштің алпыстан жүзге дейінгі мөлшерінде айыппұл салынуға әкеп соғады.";

4) 17-тарау мынадай мазмұндағы 237-9-баппен толықтырылсын:

"237-9-бап. Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің органдары

Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің органдары 169-5, 169-6, 169-7, 169-8-баптарында көзделген әкімшілік құқық бұзушылықтар туралы істерді қарайды.

Әкімшілік құқық бұзушылықтар туралы істерді қарауға және әкімшілік айыппұлдар салуға Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің Төрағасы немесе оның орынбасарлары хақылы.

Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Төрағасының және оның орынбасарларының, Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі органдарының, сондай-ақ оның әкімшілік

құқық бұзушылық жасалғаны туралы хаттама жасауға құқығы бар қызметкерлерінің өкілеттігі заңдарға сәйкес белгіленеді.";

5) 248-1-баптың бірінші бөлігі мынадай мазмұндағы б) тармақшамен толықтырылсын:

"б) "Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің банк қадағалауын жүзеге асыратын қызметкерлері (169-5 - 169-8-баптар).".

2. Қазақстан Республикасы Президентінің "Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі туралы" 1995 жылғы 30 наурыздағы N 2155 Z952155\_ Заң күші бар Жарлығына (Қазақстан Республикасы Жоғарғы Кеңесінің Жаршысы, 1995 ж., N 3-4, 23-құжат; N 12, 88-құжат; N 15-16, 100-құжат; N 23, 141-құжат; Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 1996 ж., N 2, 184-құжат; N 11-12, 262-құжат; N 19, 370-құжат; N 1997 ж., N 13-14, 205-құжат; N 22, 333-құжат);

1) 3-баптың екінші бөлігінің бесінші азатжолындағы "банкноты" деген сөзден кейін "және тиындары" деген сөздермен толықтырылсын;

2) 9-баптың бірінші бөлігіндегі "10 миллиард" деген сөз "20 миллиард" деген сөзбен ауыстырылсын;

3) 10-баптың бірінші бөлігі мынадай мазмұндағы сөйлеммен толықтырылсын:

"Негізгі қаражаттарды қайта бағалау шоты Қазақстан Ұлттық Банкінің негізгі қаражатын индекстеу нәтижелерін есепке алуға арналған.";

4) 15-бап:

мынадай мазмұндағы т) тармақшасымен толықтырылсын:

"т) Қазақстан Ұлттық Банкінің уәкілдік берілген адамдарының банк қызметіне байланысты әкімшілік құқық бұзушылық туралы материалдарды ресімдеу және қарау тәртібі туралы нормативтік құқықтық актілерді бекітуі.";

мынадай мазмұндағы үшінші бөлікпен толықтырылсын:

"Қазақстан Ұлттық Банкінің Төрағасы немесе оның орынбасары банктердің және банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымдардың лауазымды адамдарына әкімшілік айыппұл салу туралы мәселені Қазақстан Ұлттық Банкі Басқармасының басқа мүшелерімен алдын ала келісіп алады және осы мәселе бойынша тиісті қаулы нысанында шешім қабылдайды.";

үшінші бөлік төртінші бөлік болып есептелсін.

3. Қазақстан Республикасы Президентінің "Қазақстан Республикасындағы банктер және банк қызметі туралы" 1995 жылғы 31 тамыздағы N 2444 Z952444\_ Заң күші бар Жарлығы (Қазақстан Республикасы Жоғарғы Кеңесінің Жаршысы, 1995 ж., N 15-16, 106-құжат; Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 1996 ж., N 2, 184-құжат; N 15, 281-құжат; N 19, 370-құжат; 1997 ж., N 5, 58-құжат; N 13-14, 205-құжат; N 22, 333-құжат):

1) 11-баптың 1 тармағы мынадай мазмұндағы екінші азатжолмен толықтырылсын:

"Қазақстан Республикасында шетел банктерінің филиалдарын ашуға тыйым

салынады.";

2) 17-баптың 3-тармағы мынадай мазмұндағы үшінші азатжолмен толықтырылсын:

"Қазақстан Республикасының резиденттері емес заңды және жеке тұлғаларға (шетел банктерін қоспағанда) банкті бақылау құқығын беру ерекшеліктері осы Жарлықтың 21-бабының 1-тармағында белгіленеді.";

3) 20-баптың 2-тармағы мынадай мазмұндағы азатжолдармен толықтырылсын:

"Ұлттық Банк банктің басшы қызметкерін тағайындауға (сайлауға) берілген келісімді мынадай негіздер бойынша:

а) келісім бергенде негізге алынған мәліметтердің бұрыстығы анықталғанда;

б) банк қызметіне байланысты құқық бұзушылықтар жасағаны үшін жыл ішінде екі және одан да көп рет әкімшілік жауапқа тартылғаны туралы деректер болғанда;

в) осы Жарлықтың 47-бабы 2-тармағының е) тармақшасында көзделген негіздер бойынша қызмет міндеттерін атқарудан босатылғанда;

г) осы баптың 3-тармағында көзделген талаптарға сәйкес келмейтіндігі анықталғанда қайта қарауға хақылы.";

4) 21-бапта:

баптың атауы мынадай редакцияда жазылсын:

"21-бап. Қазақстан Республикасының резиденттері еместердің қатысуымен банк құруға және оның қызметіне қойылатын қосымша талаптар";

1-тармақ мынадай мазмұндағы екінші азатжолмен толықтырылсын:

"Қазақстан Республикасының резиденті емес заңды және/немесе жеке тұлғалар (резидент емес банктерді қоспағанда) Ұлттық Банк рұқсат еткен жағдайларды қоспағанда, дауыс беру құқығымен банк акцияларының жиырма бес проценттен астамын топтасып не әрқайсысы жеке-жеке тікелей немесе жанама түрде иеленуге, билік етуге және/немесе басқаруға хақылы емес.";

5) 30-бапта:

2-тармақ: мынадай мазмұндағы р), с), т) тармақшаларымен толықтырылсын:

"р) төлем құжаттарын инкассоға қабылдау (вексельдерді қоспағанда);

с) чек кітапшаларын шығару;

т) бағалы қағаздар рыногындағы клирингтік қызмет.";

мынадай мазмұндағы азатжолмен толықтырылсын:

"Осы тармақтың т) тармақшасында көзделген операциялар жүргізуге арналған лицензия уәкілетті органның келісуі бойынша беріледі.";

3-тармақта:

а) тармақшадағы "сондай-ақ құрамында бағалы металдар мен асыл тастар бар" деген сөздер алып тасталсын;

мынадай мазмұндағы жаңа б) тармақшасымен толықтырылсын;

"б) құрамында бағалы металдар мен асыл тастар бар зергерлік бұйымдарды сатып алу, кепілге қабылдау, есепке алу, сақтау және сату;"

б), в), г), д), е), ж) тармақшалары тиісінше в), г), д), е), ж), з) тармақшалары болып есептелсін;

в) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

"в) вексельдермен жасалатын операциялар: вексельдерді инкассоға қабылдау, төлемшілердің вексельдерді төлеуі жөнінде қызметтер көрсету, сондай-ақ делдалдық тәртібімен ескертпелі вексельдерді, вексельдер акцептін төлеу;"

4-тармақтың алтыншы азатжолы "бағалы қағаздар" деген сөздердің

алдынан "клирингтік қызметті қоспағанда" деген сөздермен толықтырылсын."

б) 36-баптың үшінші азатжолында "өндіріп алуға" деген сөздердің алдынан "қарыз алушының келісімінсіз" деген сөздермен толықтырылсын;

7) 43-баптың 1-тармағында "пайдасы" деген сөз "таза кірісі" деген сөздермен ауыстырылсын;

8) 50-бапта:

1-тармақ мынадай мазмұндағы екінші азатжолмен толықтырылсын:

"Таратылу процесіндегі банк берген несиелер туралы мәліметтер банк құпиясына жатпайды.";

3-тармақта "4-9" деген сандар "сандар "4-8" деген сандармен ауыстырылсын;

4-тармақта "5-9" деген сан "5-8" деген сандармен ауыстырылсын;

6-тармақ мынадай мазмұндағы д) тармақшасымен толықтырылсын;

"д) салық органдарына: тексерілетін тұлғаға салық салуға байланысты мәселелер бойынша.";

7-тармақ мынадай мазмұндағы е) тармақшасымен толықтырылсын:

"е) салық органдарына: тексерілетін тұлғаға салық салуға байланысты мәселелер бойынша.";

9-тармақ алып тасталсын;

9) 57-бапта:

4-тармақ мынадай мазмұндағы азатжолдармен толықтырылсын:

"Жүргізілген аудиторлық тексеру туралы есептің және аудиторлық ұйым (аудитор) ұсыныстарының көшірмелерін банк Ұлттық Банкке табыс етуге тиіс.

Аудиторлық ұйымның (аудитордың) банктің қаржылық жағдайы немесе банк

қызметінің басқа да мәселелерін тексеру нәтижелері туралы қорытындысы жеке құжат түрінде ресімделеді және коммерциялық құпия болып саналмайды.

Аудиторлық ұйымның (аудитордың) есебін және қорытындысын жасау тәртібіне қойылатын талаптар Ұлттық Банктің нормативтік құқықтық актілерімен белгіленеді.";

5-тармақта "есептің көшірмесі мен ақпаратты" деген сөздер "қорытындының көшірмесін" деген сөздермен ауыстырылсын;

10) 59-бапта:

баптың атауындағы "Банк қызметіне" деген сөздер "Банк қызметіне, аудиторлық ұйымның (аудитордың) қорытындысына" деген сөздермен ауыстырылсын;

1-тармақта:

үшінші азатжолындағы "есебі барлық жағдайда жарамсыз деп танылады" деген сөздер "есебі, қорытындысы барлық жағдайда жарамсыз деп танылады" деген сөздермен ауыстырылсын.

мынадай мазмұндағы г), д) тармақшаларымен толықтырылсын:

"г) аудиторлық ұйымда (аудиторда) банк қызметіне аудиторлық тексеру жүргізу құқығына Ұлттық Банктің лицензиясы болмаса;

д) есеп, қорытынды Ұлттық Банк белгілеген стандарттарға немесе банк қызметін аудиторлық тексерудің нәтижелерін ресімдеу тәртібінің талаптарына сай келмесе, сондай-ақ қолданылып жүрген заңдарда көзделген өзге де жағдайларда.";

2-тармақта:

а) тармақшадағы "есептері" деген сөз "есептерін, қорытындыларын

Ұлттық Банк" деген сөздермен, "танылса" деген сөз "таныса" деген сөзбен ауыстырылсын;

в), г) тармақшалары мынадай редакцияда жазылсын:

"в) жүргізілген аудиторлық тексерудің (аудиторлық растаудың) нәтижелері туралы қорытындының көшірмесін Ұлттық Банктің сұратуы бойынша табыс етпесе;

г) аудиторлық ұйым (аудитор) аудиторлық қызметке қатысты мәселелер бойынша көрінеу бұрыс қорытындылар (растамалар) берген болса";

11) 74-1-баптың 2-тармақшасында "массасына" деген сөзден кейін "оған сақтау және есепке алу үшін сеніп тапсырылған үшінші тұлғаларға тиесілі бағалы қағаздар және" деген сөздермен толықтырылсын;

12) III бөлім мынадай мазмұндағы 9-1-тараумен толықтырылсын:

"9-1-тарау. Банк қызметіне байланысты құқық бұзушылық

## үшін жауапкершілік

### 74-5-бап. Жалпы ережелер

1. Банк заңдарының бұзылуына кінәлі банктер мен олардың лауазымды адамдары заң актілерінде белгіленгеніндей жауапты болады.

Банктің және банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымның мына лауазымды адамдары: бірінші басшысы мен оның орынбасарлары (соның ішінде филиалдың), бас бухгалтері мен оның орынбасарлары (соның ішінде филиалдың) заңдарда белгіленген тәртіппен әкімшілік жауапқа тартылады.

2. Банк қызметін не банк қызметіне аудиторлық тексеру Ұлттық Банктің тиісті лицензиясынсыз жүргізілген жағдайда бұл операциялардан (қызметтен) түскен кірістер заңдарда белгіленген тәртіппен республикалық бюджетке алынады.

3. Банктерге (банктің лауазымды адамына) айыппұл (өсім) салуды және оларды өндіріп алуды Ұлттық Банк не мүдделі тұлғалардың өтініші бойынша сот осы Жарлықта белгіленген ерекшеліктерді ескере отырып жүргізеді.

4. Банктер валюта заңдарын бұзған жағдайда, банктер валюта

заңдарына сәйкес жауап береді.

5. Банкке осы Жарлыққа сәйкес жаза қолданылған жағдайда оның лауазымды адамдары осы құқық бұзушылық үшін әкімшілік жауапкершілікке тартылмайды.

6. Банктер мен олардың лауазымды адамдары үшін белгіленген жауапқа тартудың шарттары, негіздері және тәртібі банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымдарға да қолданылады.

### 74-6-бап. Ұлттық Банктің банк қызметіне байланысты құқық бұзушылық үшін айыппұл салуы мен өндіріп алуының негіздері

1. Ұлттық Банк банкке:



а) Ұлттық Банкке ақпаратты ұдайы (үздіксіз жалғасқан күнтізбелік он екі ай ішінде екі және одан да көп рет) уақытылы табыс етпесе немесе банк заңдарына сәйкес табыс ету талап етілетін мәліметтері жоқ ақпаратты табыс етсе не бұрыс мәліметтерді (ақпаратты) табыс етсе -

айлық есептік көрсеткіштің 400 еселенген мөлшеріне дейін айыппұл;

б) құқық бұзушылықты жою туралы жазбаша нұсқамаларды Ұлттық Банк белгілеген мерзімде орындамаса -

айлық есептік көрсеткіштің 450 еселенген мөлшеріне дейін айыппұл;

в) Ұлттық Банк белгілеген пруденциалдық нормативтерді және (немесе) басқа да сақталуы міндетті нормалар мен лимиттерді бірнеше мәрте (үздіксіз жалғасқан күнтізбелік он екі ай ішінде екі және одан да көп рет) бұзса -

айлық есептік көрсеткіштің 500 еселенген мөлшеріне дейін айыппұл;

г) осы Жарлыққа сәйкес тыйым салынған не оның құқықтық қабілетінің шегінен шығатын операциялар мен мәліметтерді жүзеге асырса -

мәміле сомасының 0,1 процентіне дейінгі не операциялар бойынша алынған кіріс сомасының 50 процентіне дейінгі мөлшерде айыппұл;

д) банк операцияларын олардың нәтижелерін бухгалтерлік есепте тиісінше көрсетпей жүргізсе -

есепке алынбаған мөлшерде айыппұл;

е) бухгалтерлік есептің белгіленген стандарттарын немесе әдістерін (принциптерін) бұза отырып бухгалтерлік есеп жүргізу не пруденциалдық нормативтердің және (немесе) банк заңдарында айқындалған сақталуы міндетті басқа да нормалар мен лимиттердің бұрмалануына алып келген банкілік немесе өзге де есептілікті жасауы -

тиісінше есепке алынбаған соманың 5 процентіне дейінгі мөлшерде не айлық есептік көрсеткіштің 500 еселенген мөлшерінен аспайтын сомада айыппұл;

ж) клиенттердің банк шоттарын ашу және жабу тәртібін бұзса -

айлық есептік көрсеткіштің 500 еселенген мөлшеріне дейін айыппұл салуға және олардан өндіріп алуға хақылы.

2. Қазақстан Республикасының заң актілерінде банктер жауапкершілігінің өзге де негіздері көзделуі мүмкін.

3. Осы бапта келтірілген негіздер бойынша банктерден өндіріліп алынған айыппұлдар сомасы республикалық бюджетке аударылады.

74-7-бап. Банк қызметіне байланысты құқық бұзушылыққа

сот тәртібімен айыппұл мен өсім салудың

және оларды өндіріп алудың негіздері

1. Банк клиенттерге, несие берушілерге және қарыз алушыларға банк қызметін

көрсетуге байланысты құқық бұзушылық жасаған ретте сот:

а) ақша төлемі немесе аударымы жөніндегі нұсқауларды, ақшаны қолма-қол алу жөніндегі нұсқауларды уақытылы немесе дұрыс орындамағаны үшін -

ақша төлемі немесе аударымы жөніндегі нұсқаудың не ақшаны қолма-қол алу жөніндегі талап сомасының әрбір операциялық күн үшін 0,02 проценті мөлшерінде, бірақ аталған соманың 5 процентінен аспайтын мөлшердегі өсім;

б) ақшаның банкке түскен күнін есептемегенде, бір операциялық күннен асырып, иеленушінің банк шотына ақшаны уақтылы немесе дұрыс енгізбегені үшін -

әрбір операциялық күн үшін ақша төлемі немесе аударымы жөніндегі нұсқаудың уақтылы енгізілмеген сомасының 0,02 проценті мөлшерінде, бірақ ақша төлемі немесе аударымы жөніндегі нұсқаудың уақтылы енгізілмеген сомасының 5 процентінен аспайтын мөлшердегі өсім;

в) клиенттердің төлем құжаттарын жоғалтқаны үшін -

әрбір төлем құжаты үшін айлық есептік көрсеткіштің 50 еселенген мөлшеріне дейін айыппұл салуға және оларды банктен өндіріп алуға хақылы.

Айыппұлдар мен өсімдер сомасының осы тармақта аталған мөлшері, егер айыппұлдардың, өсімдердің нақты мөлшері шартпен белгіленбесе қолданылады.

2. Осы баптың 1-тармағында аталған негіздер бойынша айыппұлдар мен өсімдер сомасын клиенттердің, несие берушілер мен қарыз алушылардың пайдасына өндіріп алу олардың арыздары бойынша сот тәртібімен жүргізіледі.

#### 74-8-бап. Ұлттық Банктің айыппұл салу және өндіріп алу туралы материалдарды ресімдеу және қарау тәртібі

1. Ұлттық Банк осы Жарлықтың 74-6-бабында және банктер мен олардың лауазымды адамдарының жауапкершілігі туралы заң актілерінің тиісті нормаларында көзделген шараларды қолдануға негіз болып табылатын құқық бұзушылықтың жасалғаны туралы тиісті актіні (хаттаманы) оған қажетті құжаттарды қоса бере отырып жасайды.

2. Ұлттық Банктің банк қадағалауын жүзеге асыратын қызметкерлерінің анықталған құқық бұзушылық туралы акт (хаттама) жасауға құқығы бар.

3. Анықталған құқық бұзушылық туралы актіні (хаттаманы) және осы мәселе бойынша басқа да материалдарды Ұлттық Банктің банк қадағалауын жүзеге асыратын бөлімшесі тиісті қорытындысымен қоса Ұлттық Банк Төрағасының, оның орынбасарының немесе Ұлттық Банк Басқармасының қарауына береді.

Ұлттық Банктің Төрағасы немесе оның орынбасары өз өкілеттіктері шегінде, анықталған құқық бұзушылық туралы материалдарды өздері немесе Ұлттық Банктің Басқармасы қарағанға дейін бұл мәселені Ұлттық Банктің Директорлар кеңесінің қарауына енгізуге хақылы, оның шешімінің ұсынымдық сипаты болады.

4. Банктің лауазымды адамына әкімшілік жаза қолдану туралы шешімді Ұлттық Банктің Төрағасы немесе оның орынбасары қабылдайды.

Банкке айыппұл түрінде санкция қолдану туралы шешімді Ұлттық Банктің Басқармасы қабылдайды.

5. Банктердің, банктердің лауазымды адамдарының жауапкершілігі туралы материалдарды ресімдеудің ерекшеліктері және оларды Ұлттық Банк Төрағасының немесе оның орынбасарының, Ұлттық Банк Басқармасының қарау тәртібі тиісті заң актілерінің талаптары ескеріле отырып, Ұлттық Банктің нормативтік құқықтық актілерімен айқындалады.

#### 74-9-бап. Анықталған құқық бұзушылық туралы акт (хаттама) және Ұлттық Банктің оны қарау мерзімі

1. Анықталған құқық бұзушылық туралы актіде (хаттамада): оның жасалған күні және орны, актіні (хаттаманы) жасаған адамның лауазымы, тегі, аты-жөні, құқық бұзушылықтың мәнісі мен өзге де қажетті мәліметтер көрсетіледі.

2. Актіге (хаттамаға) оны жасаған адам, сондай-ақ банктің тиісті адамы қол қояды. Акт (хаттама) бойынша қарсылықтар немесе ескертпелер болған жағдайда актіде (хаттамада) бұл туралы ескертпе жасалады және оған жазбаша қарсылықтар, ал қажет болған жағдайда қосымша материалдар қоса беріледі.

3. Ұлттық Банктің Төрағасы, оның орынбасары немесе Ұлттық Банктің Басқармасы банктен, банктің лауазымды адамынан айыппұл өндіріп алу туралы табыс етілген материал бойынша Ұлттық Банк Төрағасының, оның орынбасарының немесе Ұлттық Банк Басқармасының қарауына қажетті құжаттар келіп түскен күннен бастап 30 күн ішінде, бірақ құқық бұзушылық анықталған күннен бастап екі айдан кешіктірмей өз өкілеттігі шегінде шешім қабылдайды.

4. Ұлттық Банк айыппұл өндіріп алу туралы материалды қарау нәтижелері туралы банкті, банктің әкімшілік жауапқа тартылған лауазымды адамын жазбаша хабардар етуге міндетті.

Ұлттық Банктің айыппұлды өндіріп алу туралы материал бойынша

шешімі осы баптың 5-тармағында айқындалған мерзімде күшіне енеді.

5. Айыппұл салу және оны өндіріп алу туралы тиісті қаулымен келіспеген жағдайда банк, банктің әкімшілік жауапқа тартылған лауазымды адамы осы шешімге бір ай мерзім ішінде сотқа шағымдануға хақылы.

Банк, банктің әкімшілік жауапқа тартылған лауазымды адамы аталған шешімге сот тәртібімен шағымданған жағдайда қабылданған

қаулының орындалуы дауды сот қарағанға дейін тоқтатыла тұрады.";  
13) 76-бап алып тасталсын.

Қазақстан Республикасының  
Президенті

оқығандар:  
Багарова Ж.  
Икебаева А.